




2015ж. қаңтар-қараша

ҚР Ұлттық Банкі

**Қазақстан экономикасына қысқаша шолу****Негізгі түйіндер****2015 ж. қарашасында экономиканың өсу қарқындарының төмендеуі жалғасты**

2015ж. қаңтар-қарашасында қысқа мерзімді экономикалық индикатор өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 100,4%-ға дейін баяулады. Өнеркәсіпте, соның ішінде кен өндіру саласы және көлікте өндіріс көлемдерінің қысқаруы байқалды.



\*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі көлемі 67-68%-ды құрайды.

**1. Макроэкономикалық индикаторлар****1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер**

р/с№	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-қараша	2015ж. қараша	% -бен		2015ж. қараша 2015ж. қазанына
					2014ж. қаңтар-қарашасына	2014ж. қарашасына	
А		Б	1	2	3	4	5
1	<b>ІЖӨ (2015ж. қаңтар-қыркүйек үшін есеп деректері)</b>	млрд.теңге	<b>27 819,3*</b>		<b>101,2*</b>		
2	Өнеркәсіп	млрд.теңге	13 096,0	1 449,5	98,5	96,7	105,8
3	Ауылшаруашылығы	млрд.теңге	2 580,3	335,6	103,0	111,9	80,5
4	Құрылыс	млрд.теңге	2 476,6	303,7	104,1	106,2	95,0
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд.ткм.	465,0	47,0	92,6	93,5	101,6
6	Байланыс	млрд.теңге	625,2	57,0	101,2	97,3	98,3
7	Сауда	млрд.теңге	5 580,4	610,4	100,3	90,7	104,7
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд.теңге	6 034,1	713,9	103,9	104,9	108,5
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%	-	-	106,0	112,8	103,7
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%	-	5,0	-	-	-

\* - Деректер 2015 жылдың қаңтар-қыркүйек үшін көрсетілген

**Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер**

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-қазан	2015ж. қазан	% -бен		2015ж. қазан 2015ж. қазанына
					2014ж. қаңтар-қазанына	2014ж. қазанына	
А		Б	1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл.	64 872,2	5 982,0	63,1	58,0	98,9
1.1.	- экспорт	млн. долл.	39 289,1	3 553,7	57,1	53,5	95,7
1.2.	- импорт	млн. долл.	25 583,1	2 428,3	75,1	66,0	103,9
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс	мың теңге	644,5	64,7	106,0	103,1	100,1
3	Орташа айлық номиналды жалақы	мың теңге	-	122,4	105,4	102,6	100,5
4	Нақты жалақы индексі (бағалау)	%	-	-	-	93,7	95,5

**Ескерту:** Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМКС), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік Статистика Федералдық қызметінің деректері қолданылған. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ІЖӨ-ішкі жалпы өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі,

ТБИ - тұтыну бағасының индексі

\* - бағалау



## 1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

**2015 ж. қаңтар-қарашасында тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері мен көлік саласындағы жүк айналымының азаюы есебінен экономикалық өсудің қарқындары төмендеді.**

## Оң үдерістер

р/с №	2015ж. қаңтар-қараша %-бен 2014ж. қаңтар-қарашасына	Факторлар	Анықтама үшін: 2015ж. қаңтар-қазан %-бен 2014ж. қаңтар-қазанына
1. ІЖӨ (2015ж. қаңтар-қыркүйек үшін есеп деректері)	101,2*	өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашалығы, құрылыс, байланыс пен саудада өсудің жалғасуы*	
2. Өңдеу саласы	100,3	металлургия өнеркәсібінде өндіріс көлемдерінің ұлғаюы	100,5
3. Ауылшаруашылығы	103,0	мал және өсімдік шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы	101,9
4. Құрылыс	104,1	құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	103,8
5. Байланыс	101,2	Интернет желісі мен басқа телекоммуникациялық қызметтері көлемдерінің ұлғаюы	101,7
6. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	100,3	жеке кәсіпкерлер саудасының өсуінің жалғасуы	101,3
7. Негізгі капиталға инвестициялар	103,9	меншік қаражаты есебінен негізгі капиталды қаржыландырудың ұлғаюы	103,8

\* - Деректер 2015 жылдың қаңтар-қыркүйек үшін көрсетілген

**2015 ж. қаңтар-қарашасында өнеркәсіп саласында тау-кен өндірудің есебінен төмендеу байқалды. Импорт пен экспорттың төмендеуі сыртқы сауда айналымының қысқаруына себепші болды.**

## Теріс өзгерістер

№пп	2015ж. қаңтар-қараша %-бен 2014ж. қаңтар-қарашасына	Факторлар	Анықтама үшін: 2015ж. қаңтар-қазан %-бен 2014ж. қаңтар-қазанына
1 Өнеркәсіп	98,5	тау-кен саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы	98,7
2 Тау-кен өндіру саласы	97,6	шикі мұнай мен металл рудаларын өндірудің төмендеуі	97,8
3 Көлік (жүк айналымы)	92,6	теміржол көлігіндегі жүк айналымының азаюы	92,6
4 Инфляция	106,0	тауарлар мен қызметтері топтарының барлығына баға деңгейінің өсуі	105,3
5 Сыртқы сауда айналымы*	63,1	экспорт пен импорттың төмендеуі	63,6
5.1 Сыртқы сауда айналымы: экспорт*	57,1	минералды өнімдер, соның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы	57,5
5.2 Сыртқы сауда айналымы: импорт*	75,1	жабдықтар мен машиналар импортының қысқаруы	76,2

\*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп жарияланады. Осы себеппен, кестенің сол жақ бағанасында мәліметтер 2015ж. қаңтар-қазаны 2014ж. қаңтар-қазанына %-дық есеппен, ал оң жақ бағанасында 2015ж. қаңтар-қыркүйегі 2014ж. қаңтар-қыркүйегіне %-дық есеппен келтірілген.




## Жалпы ішкі өнім

## 1.3. ЖІӨ өндіріс әдісімен

2015ж. қаңтар-қыркүйек үшін ІЖӨ 1,2%-ға өсті

ҰЭМСК-нің есеп деректері бойынша, ЖІӨ 2015ж. қаңтар-қыркүйегінде 2014 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда нақты көрсеткіште 1,2%-ға ұлғайып, 27,82 трлн. болды.

Тауарлар өндірісі 0,5%-ға, ал қызмет көрсету 2,4%-ға өсті. 2014 жылғы осы кезеңімен салыстырғанда, қызметтерді өндіруінің өсуі 3,4%-ға баяулады, бұл ретте ЖІӨ құрамындағы қызметтердің үлесі 56,5%-ға дейін өсті.



2015 ж. 3 тоқсандарының қорытындылары бойынша, ауыл шаруашылығы, құрылыс пен қызмет көрсету секторы ІЖӨ-нің өсуіне оң үлесін енгізді. Өнеркәсіп өндірісінің көлемдерінің қысқаруы теріс әсерін тигізді.

## 1.4. Түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ

2015 ж. 1-жартыжылдығында түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ 1,4%-ға ұлғайды

ҰЭМСК деректері бойынша, 2015ж. 1 жартыжылдығында ЖІӨ нақты көрсеткіш бойынша 1,4%-ға ұлғайып, 15,81 трлн. теңге болды. Түпкілікті тұтыну шығыстары 1,5%-ға өсті, жалпы жинақтау 2014 ж. тиісті кезеңіне шаққанда 3,8%-ға өсті.

Өсуге мем. басқару органдарының (1,9%-ға), үй шаруашылықтарының (1,4%-ға), ҰШҚҚҰ\* (3,5%-ға) түпкілікті тұтыну шығыстарының, сондай-ақ негізгі капиталды жинақтау шығыстарының ұлғаюы (2,8%-ға өсу) себепші болды.

Таза экспорттың үлесі 13,7%-ға төмендеді. Тауарлар мен қызметтердің экспорты 2014 ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 5,4%-ға, импорты 8,1%-ға төмендеді.




\*- ҰШҚҚҰ - үй шаруашылықтарына қызмет көрсетуші коммерциялық емес ұйымдар

## 1.5. ТМД елдеріндегі ЖІӨ

2015 ж. 3 тоқсандарының қорытындылары бойынша - Өзбекстан ЖІӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы

ҰЭМСК және ТМД Статистикалық Комитетінің деректері бойынша 2015ж. 9 айдың қорытындылары бойынша ТМД елдерінің арасында ЖІӨ-нің 2014 жылдың тиісті кезеңіне қатысты ең көп өсу Өзбекстанға тиесілі (8,0%-ға өсу). Украинада 2015 жылдың 3-тоқсанында ЖІӨ-нің 7,2%-ға төмендеуі байқалды.



\*- Армения мен Молдова бойынша ІЖӨ деректері 2015ж. 6 айы үшін көрсетілген.

1.6. Негізгі ықпал ету факторлары


**Мұнайдың бағасы**

Мұнай бағасының өзгеруі өнеркәсіптегі баға деңгейіне және тиісінше өндірістің құндық көлеміне айтарлықтай ықпал етеді. Бір жылдың ішінде Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы 43,4%-ға төмендеп, 2015ж. қарашасында баррельге 44,4\$ құрады. Тау-кен өндіру саласында өндірістің көлемдері 2015 ж. қаңтар-қарашасында 2014 жылдың сәйкес көрсеткіштерімен салыстырғанда нақты көрсеткіште 2,4%-ға төмендеді, ал ақшалай көрсеткіште 10,6%-ға төмендеді.

**Мұнай бағасы және өндіріс көлемдері**

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндірісі алып отыр, 2015ж. қарашасында оның үлесі сәйкесінше 39,9%-ға тең болды.

2015ж. қаңтар-қарашасында өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 2014ж. қаңтар-қарашасына қарағанда 1,6%-ға төмендеді. 2015ж. қарашасында өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 2014ж. қарашасына қарағанда 4,3%-ға төмендеді. 2015 ж. қарашасында тау-кен өндіру саласының НКІ-і 2014 қарашасымен салыстырғанда 4,6%-ға төмендеді, ал 2015 жылдың қазанымен салыстырғанда 9,7%-ға өсті\*\*.



\* - <http://econ.worldbank.org>

\*\* - <http://stat.gov.kz>: 2015 жылғы қаңтар-қарашасындағы өнеркәсіп жұмысының көрсеткіштері

**Сыртқы сұраныс**


Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2015 ж. қаңтар-қазанындағы ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 53,6%-ға тең болды), Қытайға (11,7%) және Ресейге (9,4%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2015 ж. 3-тоқсанында өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда ЕО ІЖӨ-інің жылдық өсуі (28) 1,9%-ға тең болды, Қытайда - 6,9%, ал Ресейде ІЖӨ 4,1%-ға төмендеді.

**Сыртқы сауда айналымы**  
**2015ж. қаңтар-қазаны**

2015ж. қаңтар-қазанында сыртқы сауда айналымы 36,9%-ға төмендеді (экспорт 42,9%-ға, импорт - 24,9%-ға төмендеді). 2015ж. қазанында (2014 ж. қазанымен салыстырғанда) сыртқы сауда айналымы 42,0%-ға төмендеді (экспорт 46,5%-ға, импорт 34,0%-ға қысқарды).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (2015ж. қаңтар-қазанында-72,5%), импортта - машиналар, жабдықтар, келік құралдары, құралдар және аппараттар (40,4%) басымдыққа ие.

2015 ж. қаңтар-қазанында экспорт Е-ЭО елдерімен 2014 ж. тиісті кезеңіне қарағанда 30,1%-ға қысқарды, импорт - 24,9%-ға төмендеді.



**Экономикадағы ақша ұсынысы**

Қазақстанның несие нарығына ықпал ететін сыртқы факторлардың түрлі сипаты бар. Қытай экономикасының баяулауы мен дамушы елдерден капиталдың кетуіне әкеліп соғатын шикізат тауарларындағы дағдарыс сыртқы факторларына жатады. Алайда, Үкіметтің шаралары Ұлттық қор активтерінен бөлінген ақшасы есебінен экономиканы қолдауға бағытталған. Шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіру үшін 100 млрд. теңге бөлінді, 250 млрд. теңге банктердің жұмыс істемейтін несиелерімен жұмыс істеу үшін "Проблемалық кредиттер қоры" АҚ-тың жарғылық капиталын толықтыруға бағытталған.


**Несиелер бойынша бөрішек\***

2015ж. қарашасында несиелендірудің жалпы көлемі 3,4%-ға артып, 12,37 трлн. теңгені құрады.

2015ж. қарашасының аяғында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда несиелендірудің көлемі 1,3%-ға ұлғайған. Жыл басынан бері, 2015 ж. қарашасының аяғына қатысты, несиелендіру көлемдері, несиелендіру көрсетілген кезеңде сәйкесінше 14%-ға төмендеген құрылыстан басқа, экономиканың барлық секторларында ұлғайды. Алайда, 2015 ж. қарашасында жаңа несиелерді берудің көлемі 2014 ж. қарашасымен салыстырғанда 3,8%-ға төмендеді. Несиелендіру көлемдерінің өткен аймен салыстырғанда 3,4%-ға өсуі негізінде теңге айырбастау бағамының төмендеуінен болған валюталық несиелердің қайта бағалауымен түсіндіріледі.

\* - кезең соңындағы деректер бойынша

\*\* - өндірістік емес сала, жеке қызмет






## 2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКІ

## Тауарлар өндірісі

2.1. Өнеркәсіп


## Өнеркәсіп өндірісінің төмендеуі

2015 ж. қаңтар-қарашасында өнеркәсіп өндірісінің көлемдері 2014 ж. тиісті кезеңіне 1,5%-ға азайды (2015 ж. қаңтар-қазанында 1,3%-ға азаю, 2014ж. қаңтар-қарашасында - 0,1%-ға ұлғаю). Төмендеуіне тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы себепші болды.




## Тау-кен өндіру - өндіріс көлемдерінің төмендеуі

2015 ж. қаңтар-қарашасында тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері 2014 ж. тиісті кезеңіне 2,4%-ға төмендеді (2015ж. қаңтар-қазанында - 2,2%-ға төмендеу, 2014 ж. қаңтар-қарашасында - 0,4%-ға төмендеу). Өңделмеген мұнай өндіру 1,6%-ға төмендеді (2015 ж. қаңтар-қазанында - 1,3%-ға төмендеу), табиғи мұнай мен түсті металдар рудаларын өндіру сәйкесінше 7,3% бен 4,5%-ға ұлғайды, ал металл рудаларын өндіру 2,3%-ға төмендеді.




## Өңдеу - өндіріс көлемдерінің өсу қарқындарының төмендеуі

2015ж. қаңтар-қарашасында сала бойынша ұлғаю 2014 ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,3%-ды құрды (2015 ж. қаңтар-қазан үшін - 0,5%-ға ұлғаю). Асыл және түсті металдар өндірісі 24,7%-ға өсті, металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 14,7%-ға ұлғайды (2015 ж. қаңтар-қарашасында өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 36,5%-ды құрады).

2.2. Құрылыс


## Өсу қарқындарының ұлғаюы

2015 ж. қаңтар-қарашасында жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2014 ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,1%-ға өсті. Құрылыс жұмыстары құрамындағы 88,4% үлесін иемденетін құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі 2014 ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 8,5%-ға ұлғайды. Алайда, 2015 ж. қаңтар-қарашасында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарының көлемі сәйкесінше 22,0% бен 17,7%-ға төмендеді.




**2.3. Ауылшаруашылығы****Мал және өсімдік шаруашылығындағы өнім көлемдерінің өсудің жалғасуы**


Ауылшаруашылығы секторы 2015 ж. қаңтар-қарашасында 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 3,0%-ға өсті (2015 ж. қаңтар-қазанында - 1,9%-ға өсу, 2014 ж. қаңтар-қарашасында 0,4%-ға төмендеу), бұның ішінде өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы өнім көлемдері 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда сәйкесінше 3,1% бен 3,0%-ға ұлғайды.

**Қызмет көрсету саласы****2.4. Сауда****Тауар айналымындағы өсудің баяулауы**


2015ж. қаңтар-қарашасында бөлшек тауар айналымының көлемдері 2014ж. қаңтар-қарашасымен салыстырғанда 0,3%-ға ұлғайды (2015ж. қаңтар-қазанында - 1,3%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-қарашасында - 12,3%-ға өсу). Өсудегі баяулаудың негізгі себебі сауда кәсіпорындарының бөлшек сатудағы көлемдерінің 2,8%-ға төмендеуі болған (бөлшек тауар айналымындағы бұлардың үлесі -52,2%).

**2.5. Көлік****Жүк айналымы көлемінің азаюы**

2015ж. қаңтар-қарашасында көлік секторындағы жүк айналым көлемі 2014ж. қаңтар-қарашасымен салыстырғанда 7,4% азайды, бұл теміржол көлігіндегі жүк ағынының 15,9%-ға азаю себебінен болды (оның жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі - 44,4%).

**2.6. Байланыс****Өсудің баяулауы**

2015ж. қаңтар-қарашасында байланыс қызметіндегі көлемінің ұлғаюы 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,2%-ды құрады (2015ж. қаңтар-қазанында - 1,7%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-қарашасында - 8,1%-ға өсу). Өсудің негізгі факторлары - байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 28,3% болатын интернет желісінің қызметтерінен түскен кірістердің 17,1%-ға және байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 15,5% болатын өзге телекоммуникациялық қызметтер көлемінің 37,5%-ға өсуі.








## 3. Инфляция

## 3.1. Тұтыну бағаларының индексі

## Инфляцияның өсуі

2015 ж. қаңтар-қарашасында инфляцияның деңгейі 2014 ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 6,0%-ға тең болды, бұған барлық тауарлар мен қызметтер топтарының бағаларының өсуі себепші болды. 2015ж. қарашасында инфляция өсуінің қарқындары жылдық есеппен алғанда 12,8%-ға дейін жеделдеді (2014ж. қарашасында - 7,6%), айлық өсу 3,7%-ды құрады. 2015ж. қарашасында азық-түлік тауарларының бағалары өткен айға қарағанда 3,3%-ға, ал азық-түлік емес тауарлары 6,5%-ға өсті.




## 4. Инвестициялар

## 4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

## Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

2015ж. қаңтар-қарашасында инвестициялардың көлемі 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,9%-ға өсті (2015ж. қаңтар-қазанында - 3,8%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-қарашасында - 4,1%-ға өсу). Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты, бұлардың үлесі 57,1%-ды құрады.




## 5. Еңбек нарығы

## 5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

## Жұмыссыздық деңгейі өсті

Соңғы 5 жылда жұмыссыздық деңгейі рекордтық төменгі көрсеткішке дейін төмендеді және соңғы айларда 4,9-5,1% шегінде қалып отыр. 2015ж. қарашасымен 2014 ж. қарашасымен салыстырғанда жұмыспен қамтылғандар саны 2,0%-ға азайып, ал жұмыссыздар саны 2,1%-ға төмендеді. Жұмыссыздық деңгейі 5,0%-ға дейін өсті.



## 5.2. Халықтың кірістері

## Халықтың нақты кірістерінің төмендеуі

2015 жылдың қарашасында орташа айлық номиналды жалақының өсуі 2014ж. қарашасымен салыстырғанда 4,2%-ды құрады. Сонымен қатар, осы кезеңде нақты жалақы индексі 7,6%-ға төмендеуді көрсетті. Көрсеткіші бір айға кешігумен қалыптыстырылатын нақты ақшалай кіріс 2015ж. қазанында 5,8%-ға төмендеуді көрсетті.

